

АТА - АНАЛАРҒА ҰСЫНЫС

БАЛАНЫ ҚАСЫҚПЕН ТАМАҚ ІЩУГЕ ҚАЛАЙ ҮЙРЕТЕМІЗ

@PPTK_ARKALYK



- Баланы тамақтандыру үшін «дұрыс» қасықты таңдау қажет: ол таяз, резеңкемен қапталған, қолға ыңғайлы болуы керек. Балаларға арналған супермаркеттердің сөрелерінен мұндай ас құралдарын оңай табуға болады. Ал сатушы-кеңесшілер баланың жас ерекшелігіне сәйкес қай үлгіні таңдаған дұрыс екенін айтып береді.



- Балаға қасықпен ойнауға рұқсат бермеңіз, бірақ әр тамақтандыру кезінде оны қолына ұстап көруге мүмкіндік беріңіз. Бала «қасық – тамақ» деген себеп-салдарлық байланысты анық түсінуі керек.

@PPTK_ARKALYK



- Бұл ас құралын қалай дұрыс қолдану керектігін өз үлгіңіз арқылы көрсетіңіз. Міндетті түрде заттың атауын («Бұл – қасық») және оның не үшін қолданылатынын («Қасықпен ботқа, пюре, сорпа ішеді») айтып отырыңыз.



- Алғашқы кезеңде бала қасықты қолында дұрыс әрі сенімді ұстауды үйренуі керек. Бала қасықпен үстелді ұрып, оны аузына тығып көруі мүмкін, бірақ тікелей мақсаты бойынша қолданбауы да ықтимал. Бұл — қалыпты жағдай. Балаға осы ас құралымен жақынырақ танысуға мүмкіндік беріңіз.



- Осыдан кейін ғана оған қасықпен ботқа немесе пюре алып көруді ұсынуға болады (әдетте бұл әрекет 8–9 айлық кезде сәтті шыға бастайды).

@PPTK_ARKALYK

- Балалардың қасықты алғаш қолдануы әрқашан сенімсіз болады. Бала тағамның жартысын төгіп алуы, былғануы, қасықты ауыздан мүлт жіберуі мүмкін. Ешқашан ол үшін ұрыспаңыз!
- Баласын қасықпен тамақтануға үйрету кезінде ананың жасай алатын ең жақсысы — оның кішкентай сәтсіздіктеріне сабырмен қарап, алғашқы жетістіктеріне қуана білу.





@PPTK_ARKALYK

Балаңызбен бірге жиі тамақтаныңыз. Оны балаларға арналған орындыққа отырғызып, алдына ботқасы бар тәрелке қойыңыз, қолына ас құралын беріңіз, ал өзіңіз қасына жайғасыңыз.

Бала сіздің әрекеттеріңізді көріп, соларға еліктейтін болады. Сонымен қатар, ол «анам да осылай істейді» деп түсінеді.

Психологтардың пікірінше, әрекеттердің көрнекі түрде көрсетілуі дағдыны тез меңгеруге ғана емес, баланың бойында сенім сезімін қалыптастыруға да ықпал етеді.

Бала қасықты ұқыпты қолдануды үйренгенге дейін бірнеше ай өтетінін ұмытпаңыз. Ол үшін бұл жаңа әрі күрделі дағды жай ғана өзін-өзі күту емес, әлдеқайда маңызды.

Бұл — оның дамуының жаңа бір сатысы!